

К.С.Ахметкәрімова

## Білім беру мекемелерінің жетекшілерін дайындау және қайта даярлаудың аймақтық жүйелерінің даму мәселелері

Мақалада білім беру мекемелерінің жетекшілерін дайындау және қайта даярлаудың аймақтық жүйелерінің даму мәселелері қарастырылған. Аймақтағы жетекшілерді дайындау жүйелерінің қалыптасуына қысқаша тарихи шолу берілген. Білім беру мекеменің жетекшілерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйелерінің дамуына ұстаздардың қосқан үлесі бағаланып, қазіргі кездегі білім беру мекемелерінің жетекшілерін дайындау жүйелері бойынша адами әлеуеті анықталған. Ата-ана басқару іс-әрекетінің жүйесіне және олардың мектеп басқару жұмыстарына талдау жасалды.

Consider the problem of preparing and again preparing the leader of education organization on the region system. Become concise history description about preparing the leader of education organization on the region system. Determine contribution the tethers in to preparing and again preparing the leader of education organization. In the modern stage determine perspective activity about preparing the leader of education organization on the region system. The article considers the structure of activity of the executive of educational organization. It also includes the analysis and estimation of management activity of the schools chief executives in district.

ӨОЖ 378.147

Шарзадин Ә.М.<sup>1</sup>, Самашова Г.Е.<sup>2</sup><sup>1</sup>Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;<sup>2</sup>Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

## Кәсіптік оқыту мамандарын даярлаудағы өздік жұмыстың ұйымдастырылуы

Мақалада маманды даярлаудағы студенттердің өзіндік жұмысының орны мен маңызы қарастырылған. Студенттердің өзіндік жұмысының жіктелісі берілген: жұмыс сипаты, ұйымдастыру формасы, жұмыс орны, ғылыми бағыты т.б. Сондай-ақ студенттердің өзіндік жұмысының функциялары талданып, авторлар студенттердің өзіндік жұмысының анықтамалары талданған.

*Кілтті сөздер:* маманды даярлау, студенттердің өзіндік жұмысы, ұйымдастыру формасы, жұмыс орны, ғылыми бағыт бойынша, өзіндік жұмысының функциялары, кәсіби-педагогикалық пәндер, шығармашылық өзіндік жұмыстар, аудиториядан тыс сабақ, танымдық өзіндік жұмыстар.

Студенттердің өздік жұмыстары (СӨЖ) болашақ мамандарды дайындаудың және өз бетімен жұмыс істеуге үйретудің ең басты резерві болып саналады. Ол бүгінгі күні жоғары білім берудің өзгеріске түсуімен түсіндіріледі және кез келген саланың маманын, әсіресе педагогтың кейде өз әрекетінен алшақ жатқан әрекеттерді де меңгеруге итермелейді. Осыған байланысты жоғары оқу орындары түлегінің ақыл-ой еңбегін жоғары деңгейде меңгеруі талап етіледі, яғни аз уақыт пен аз шығын жұмсай отырып, қажетті ақпаратты тез арада игеру, фактіні, теория мен концепцияларды жүйелеу мен жіктеу, күрделі дау туғызатын жағдайды шеше білу, өз көзқарасын толық, анық түрде жеткізу, ғылыми даулы мәселеде шындықты айыра білу, өзінің жеке дамытқан білімі арқылы өндірістік жағдайларды шеше білу талап етіледі.

Өзіндік жұмыс жасау арқылы ғылыми білімді толық және жан-жақты түсіну, дағдыны қалыптастыру мен оны әр түрлі өмірдегі жағдайда қолдана білуді меңгеру мүмкін болады.

Сондықтан білім алуудағы СӨЖ жоғары оқу орындары үшін оқытудың негізгі формасы болу керек, ал оның жандануы мен жүйелі басқарылуының және әдістемелік жетілдірілуі негізгі дидактикалық принциптерге сүйенуі тиіс. Сонда ғана оны орындау барысында кәсіби даярлықтың сапасы артады.

Бүгінгі күні білім беру процесінде бірінші орынға тек қана ғылыми ақпаратты меңгеру ғана емес, шығармашылықпен ойлай білу функциясы және жаңа білімді өз бетімен меңгеруді қалыптастыру да бірінші орынға қойылады. Бұл жерде жоғары мектепке тән студенттердің өзіндік жұмыстарын

ұйымдастыруына көңіл бөлінеді (аудиториялық және аудиториядан тыс), ол алынған білімге жеке мағына бере отырып шығармашылық іскерліктерін қалыптастырып, оқудың ішкі танымдық мотивациясын жандандыра отырып, өзіндік білім алу дағдыларын арттырар еді және өзін-өзі дамыту мен рефлексия іскерлігін қалыптастырған дұрыс болар еді.

Кәсіби-педагогикалық пәндерді оқыту барысында студенттердің өзіндік жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру білімді толық, терең әрі шығармашылықпен меңгеруді қамтамасыз етеді, жалпы педагогикалық, арнайы кәсіби (технологиялық), танымдық іскерліктер мен дағдылар қалыптастыруға, креативтілікті дамытуға, жауапкершілігі мен инициативасын арттыруға мүмкіндік береді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде білім алушылардың өзіндік жұмысы туралы көп айтылған. Өзіндік жұмысты оқыту процесінде жүйелі түрде қолдану (Е.Я.Голант, Р.М.Микельсон, Б.П.Есипов) жұмыстарына негізделген.

Б.П.Есипов өзіндік жұмыс арқылы білім алушылардың үйде немесе сабақта оқытушының қатысынсыз нақты бір тапсырманы орындау барысында танымдылық пен іскерліктерді, білім сапасын арттыру түсінігін қарастырады [1].

Көп қырлы өзіндік жұмыс сияқты түсінікті анықтаудың негізіне әр түрлі көзқарастарды сараптай келе, аталған категорияны біз оның екі құрамды бөлігінің бірлігіне сүйене отырып қарастырамыз: оқытудың ұйымдастыру формасы (оқушының болмаған кезіндегі оқу әрекетін басқаруға мүмкіндік беретін педагогикалық жағдайдың жүйесі ретіндегі) және оқушының, басқа біреудің көмегінсіз оқу-ғылыми ақпаратты меңгерудегі әрекеті, оқу мазмұны рефлексиясы мен оны оқу және өндірістік міндеттерді шешу барысында қолдана алуы мен шығармашылық түрде өзін көрсете білуі.

Оқытушының тарапынан бақылау деңгейі мен білім көзіне байланысты В.П.Стрезикозин өзіндік жұмыстың келесі түрлерін бөліп қарастырады: оқулықпен және оқу әдебиеттерімен, анықтамалықтармен, сөздіктермен жұмыс, тапсырма орындау, оқу жаттығулары, шығарма жазу, сипаттау, бақылау, графикалық және басқа да жұмыстар [2].

Студенттердің өзіндік оқу-танымдылық әрекеттері ұйымдастыру мен белсенділігіне және өз бетімен жұмыс істей алуына байланысты әр түрлі сипатта болады. Өзіндік жұмысты атқару барысындағы шығармашылық процесті ескере отырып, біз студенттердің әрекеттерінің келесі деңгейлерін анықтаймыз: қайта жандандыру мен өнертапқыштық, шығармашылық деңгейлер. Осыған сәйкес өзіндік жұмыстардың түрлері де анықталады: репродуктивтік, жартылай-ізденістік, шығармашылық.

Бірінші деңгейге дайын білімді игеруге бағытталған танымдылық әрекет, нақты бір іскерліктерді игеру және бұрын меңгерілген тәжірибелік әдістерді игеру жатады. Студенттердің өзіндік жұмыстарды атқара білуі одан арғы ғылым мен кәсіби жұмыс барысында ғылымның бір саласын игеруге қажетті нақты бір дағдыны есте сақтау мақсатында материалды ой елегінен өткізу ақпарат көздерінен нақты бір тақырыпты, цитатаны жазып ала білуінен көрінеді.

Репродуктивтік түрдегі алгоритмді жұмыс нұсқауына сәйкес үлгі негізінде орындалады. Бұл жұмыстарға жаттығу орындау, тапсырма орындау, кесте жасау т.б. жатады. Жұмыстың міндеті мәлімет жинау, әрекет етуді бекіту, студенттің танымдылығы мен белсенділігін арттыратын тапсырманы орындауға ауысудың қажетті жағдайларын жасау.

Әр түрлі көздерден ақпараттар дайындауға бағытталған қайта жасаушы-шығармашылық деңгей жоғары деңгейде болады. Ақпаратты өз бетімен тану төменгі танымға және механикалық шығармашылыққа жатпайды, себебі, Г.И.Шукинаның пікірінше, «әркім тәжірибеде бекітілген танымдылық іскерліктердің арқасында өзіндік ерекше жол таңдайды» [2].

Жартылай-ізденістік өзіндік жұмыстар барысында дайын ақпарат меңгеріледі, жаңа ақпаратты іздеудің продуктивтік процесі жүреді. Бұл бұрын алған білімді, іскерлік пен дағдыны қолдануды, пәнаралық және пәнішілік байланысты құруды талап ететін алынған ақпаратты үнемі белсенді өңдеу. Осындай тапсырмаларға жоспар құру, тезистер, конспектілеу, әдебиеттерді аннотациялау, мәтінмен жұмыс т.б. жатады. Жартылай-ізденістік өзіндік жұмыстар нәтижесінде студенттер ізденушілік іс-әрекетінің кейбір тәжірибелерін меңгереді, бұл оларды толыққанды зерттеу жүргізуге дайындайды [3].

Танымдық өзіндік жұмыстың ең жоғары деңгейі шығармашылық. Ол студенттердің алдында тұрған міндеттерді шешудің жаңа принциптерін іздеумен байланысты. Шығармашылық сипаттағы жұмыс негізінде білім алу барысындағы студенттердің жаңа проблемаларды шешудегі танымдылық шығармашылық әрекеттерін көрсететін зерттеушілік әдістер жатыр.

Шығармашылық өзіндік жұмыстар білім алушылардың жағдайды сараптауын және қажетті жаңа ақпаратты алуын (стандартты емес) талап етеді. Студент өз бетімен алдына қойылған міндетті шешу үшін құралдар мен әдістерді өзі таңдап, тапсырманы шешу барысында реттілікті сақтауы керек.

Бұл жұмыстың ерекшелігі — әрекет ету әдістерін табу мен өзі үшін жаңа білімдерді ашу.

Оқушылар алған білімдерін әр түрлі өзгермелі жағдайда қолданады, осыған сәйкес жаңа ақпарат алудың продуктивтік процесі жүреді.

Бұл жұмыс ғылыми таным әдістерін меңгертуге, студенттің шығармашылық әрекеті тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оған студенттерді қазіргі заманғы ғылыми зерттеу әдістерімен қаруландыру, реферативтік жұмыстың іскерлігі пен дағдысын қалыптастыру мақсатында оқу-зерттеу жұмыстарына тарту арқылы қол жеткізуге болады.

Студенттің танымдылық әрекетіне осылай сараптау жасау психологиялық түрде негізделген және эксперимент арқылы адамның ойлауы психикалық процесс ретінде әр түрлі деңгейде болатынын көрсетті (А.М.Матюшкин, А.Н.Леонтьев).

Осыған сәйкес ойлаудың екі түрі ерекше көрінеді — репродуктивтік және продуктивтік.

С.Л.Рубинштейннің айтуынша, продуктивтік ойлауға жаңа шығармашылық шешімдерге, жаңалықтарға, жалпылауларға жататын барлық психикалық процестер жатады; репродуктивтікке — жаңа нәтиже бермейтін, алайда жанама түрде оның тууына әсер ететін барлық ойлау операциялары мен процестер жатады. Бірақ, автордың ойынша, осы екі ойлау түрін бір-бірінен дара қарастыру қате болған болар еді. Танудың нақты процесінде репродуктивті және продуктивті ойлау олардың сапалық айырмашылығына қарамастан, диалектикалық бірлікте болады.

Шындығында, психикалық процестер, С.Л.Рубинштейннің пікірінше, «екі деңгейде жүреді. Сыртқы жоғары «жоғарғы психикалық процестер» мен «төменгіні» қарама-қарсы қою дұрыс емес. Сондықтан әрбір «жоғарғы психикалық процесс «төменгі психикалық процесті» мезейді және соның негізінде іске асады. Өзінің нақтылығымен алынған барлық танымдық әрекет пен барлық ойлау процесі бір мезетте әр түрлі жоспардағы деңгейде жүргізіледі». Сонымен танымдылық әрекеттің шығармашылық сипаты бір-бірін қалдырмайды, олар өзара байланыс арқылы диалектикалық бірлікте атқарылады [4].

Сонымен қатар жоғары мектеп мәселелері бойынша жүргізілген зерттеулерде өзіндік жұмыстың сыртқы немесе «басқарушылық жағына» (оқытушының әрекетінің көзқарасы бойынша) назар аударатырып, оның екі түрін қарастырамыз: аудиториялық және аудиториядан тыс.

Студенттің аудиториялық өзіндік жұмысы оқу жоспарымен және оқу пәнінің бағдарламасымен анықталып, оқу кестесімен реттеледі, міндетті түрде оқытушының басшылығымен жүргізіледі. Оған дәріс, семинар, зертханалық сабақтар, коллоквиумдар мен басқа да жұмыстар кіреді.

Педагогикалық әдебиеттерде студенттердің аудиториялық өзіндік жұмысында олардың әр түрлі оқу, оқу-зерттеу, ғылыми-зерттеу, өзіндік білім алу әрекеттері жатқызылады. Бұлар қазіргі шындық пен болашақ кәсіпті; жалпы ғылыми және кәсіби білім жүйесін; жалпы ғылыми және кәсіби білім әрекеті жүйесін; шығармашылық әрекет тәжірибесін; эмоционалдық қарым-қатынас тәжірибесін қарастырады [4].

Студенттердің оқу мерзімі міндетті, әрі қосымша және өзіндік дайындық ретінде бөлінген оқу процесінің құрылымынан шыға отырып, студенттің жоғары оқу орнындағы аудиториядан тыс өзіндік дайындығы міндетті және қосымша бөлімдерден тұрады.

Студенттердің аудиториядан тыс міндетті өзіндік жұмысы аудиториялық сабақтың логикалық жалғасы болып табылады және оқу жоспары мен оқу бағдарламасымен анықталады. Оқудың бұл түрі өзіне дәріс сабағының практикасын, семинар сабағына дайындықты, практикалық және зертханалық, практикалық жұмысқа дайындықты, тапсырманы орындауды, дипломдық жұмысты орындауды қамтиды. Оның сипаты мен мазмұны, көлемі нақты оқу пәніне байланысты. Бұл жұмыс оқытушының басшылығымен жүргізіледі, яғни оқытушы тапсырма, кеңес береді, оны орындаудың мерзімдерін белгілейді. Оқу процесіне енгізілетін студенттердің өзіндік жұмыстары оқытушының қатысуынсыз жүргізіледі, ол тек қана осы жұмыс үшін белгілі уақытта тапсырма берумен шектеледі. Алайда бұл жағдайда бөлінетін уақыт сабақ кестесімен реттелмейді. Студент өзінің мүмкіндігі мен еркіне қарай жұмыс режимі мен уақытын анықтайды және аудиториялық сабақта бақыланып отырады. Әрбір өзіндік жұмыстың сыртқы көрінісі болады — ауызша немесе жазбаша түрде.

Студенттің аудиториядан тыс сабақ барысындағы өзіндік оқу жұмысы аудиториялық сабақтан өту орнымен, мазмұнымен, ұйымдастыру формасымен әдісімен, студенттердің өз бетімен жұмыс істеу деңгейімен және осы жұмысты есепке алу мен бақылау формасымен ерекшеленеді.

Студенттің аудиториядан тыс уақыттағы қосымша өзіндік жұмысы міндетті түрде арнайы жоспар бойынша жеке қызығушылығы мен бейімділіктерін бақылау арқылы жүргізіледі. Ол студенттің мамандандырылатын пәнді толық әрі терең меңгеруімен байланысты, оның шығармашылығын көрсетеді және тек қана білім алу мақсатымен ғана емес, қандай да бір жаңашылдықпен де байланысты болады. Жұмыстың бұл түрі оқу жоспарына енгізілмейді, алайда олардың білімін таңдап алған мамандықтары бойынша толықтырып терендетеді, яғни студенттердің өзіндік білім алуын қамтиды.

Сонымен қатар студенттің аудиториядан тыс орындайтын өзіндік жұмысы аудиториялық жұмысты жалғастырып дамытады. Практикалық аудиториялық сабақтар мен аудиториядан тыс сабақтардың байланысы мен өзара әрекеттестігі, бір жағынан, дәріс, семинар сабақтарында алған білімді жетілдіріп, бекітетін болса, екінші жағынан — студенттердің оқу-танымдық әрекетінде дәрістен тыс сабақ формасына қызығушылықты арттырады.

Аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстардың өзара байланысы студенттің жеке іскерлігін дамыту мен қызығушылығын арттыру түрінде болуы мүмкін (мысалы, оқу-зерттеу жұмысына қатысу) немесе оның әрекеттері оқу жоспарынан шығып жататын, онымен тығыз байланысты болатын, конкурсқа, олимпиадаға, конференцияға қатысушыға, үлгерімі жақсы студентке арналған. Алайда аудиториядан тыс жұмыстардың бұл түрлеріне бағдарламада қарастырылған білімнен көбірек іскерлік, дағды алғысы келетін үлгерімі жақсы студенттер қатысады.

Аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстың өзара байланысы мен өзара әсері оқу және оқу процесінен тыс уақытта алған іскерлік пен дағдының екі жақтылығымен көрінеді. Оқу барысында алған өзіндік ақыл-ой әрекетінің іскерлігі мен дағдысын (конспектiлеу, библиографиялық жұмыс, тезистер құру, мәлімет дайындау, баяндама дайындау, реферат жазу) студенттердің студенттік ғылыми-зерттеу жұмысында кең түрде қолданады. Ол студенттің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуы іскерлік пен дағдының одан әрі дамуына және жаңа іскерліктер мен білім алуына әсер етеді (таза зерттеушілік түрдегі).

Жүйелілік пен реттіліктің дидактикалық принципі аудиториядан тыс жұмысты жоспарлау мен өткізудің негізіне алынуы тиіс. Өзіндік жұмыстың барлық жүйесі жүйелілік пен мақсаттылықты оны өткізу дайындығын қамтамасыз ететін аудиториядан тыс сабақты нақты жоспарлау барысында құрылады.

Жүйелілік оқу материалын ретпен орналастыру, аудиториялық, аудиториядан тыс жұмыстардың үйлесімі, материалды оқу, студенттердің психологиялық мүмкіндіктер мен оқушының жасына қарай дұрыс орналастыру арқылы қамтамасыз етіледі. Аудиториядан тыс жұмыстың әрбір деңгейі, міндеті олардың психологиялық ерекшелігі мен оқу материалын игеруге байланысты әр түрлі шешіледі. Басқаша айтқанда, жоғары оқу орындарындағы аудиториядан тыс жұмыс әр түрлі шараның бірлігі немесе дұрыс құрылған жүйе болу керек, ол бөлшектердің өзара бірлестігі мен өзара байланысы арқылы жүргізіледі.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың теориясы бойынша П.И.Пидкасистый жұмыстарды жалғастырушы, жаттығу, шығармашылық, зерттеу деп бөледі [5].

Е.Я.Голант логикалық бағыты бойынша өзіндік жұмыстарды фактіні бақылаушы және түсінік белгісін анықтаушы; құбылыстар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты тану бойынша; оқығанды түсіну мен жалпылау бойынша; бірнеше құбылыстар арасынан әдеттегіні анықтау; фактілер арасындағы байланысты анықтау бойынша бөледі [6].

Бүгінгі күні кредиттік технология жүйесіне ауысуға байланысты өзіндік жұмысты ұйымдастыру мәселелері белсенді түрде талданып, оның жоғары мектептегі орны, формасы, құралдары мен басқа да мәселелер талқыланып жатыр. Сонымен қатар педагогикалық әдебиеттер өзіндік жұмыстардың түрлерін реттеуде біртектілік жоқ (түрлері). Авторлардың көпшілігі келесі жіктемені ұстанады:

1. Жұмыс сипатына қарай:

а) репродуктивті өзіндік жұмыс — оқыған материалды және бұрын өткен әдістерді репродукциялау. Осы жұмыс негізінде репродукциялау әрекеттері жатыр: тану, айырмашылықты немесе ұқсастықты анықтау, оқу материалы мазмұнын тез игеруге мүмкіндік беретін үлгі бойынша типтік міндеттерді шешу;

б) реконструктивтік-вариативтік (репродуктивтік-шығармашылық):

– білімді қайталап қана қоймай, оны қолдану саласын кеңейту;

– міндетті шешудің дайын жолдарының жоқтығы, қайта білім алу қажеттігі, бұрын алған білімді қолдану;

– оқытушының ұсынған формалары мен әдістерін қолдану;

в) жартылай-ізденістік жұмыс (шығармашылық-репродуктивтік), ол ізденіс әрекеті тәжірибесін белсенді түрде жинақтаумен сипатталады, игерілген материалды қолдану арқылы кейбір стандартты емес практикалық міндеттерді шешуге арналған, өзіне белгілі әдістерді жаңа жағдайларға икемдеу арқылы дағдылануға, жетіспей жатқан білім көлемін анықтауға, білімді іздеу жолдарын табу, танымдылық формалары мен әдістерін ұйымдастыруға бағытталған;

г) зерттеушілік (шығармашылық) жеке жұмыс, шығармашылық-репродуктивтік әрекетке, шешімнің принципті жаңа жолдарын таңдауға бағытталған. Ол жеке адамның шығармашылық қасиеттерін дамытуда көп тиімділік береді (белсенділік, танымдылық, ұшқыр ойлау, ойының стандарттық еместігі, жұмысын өзіндігімен ерекше жүргізе білу т.б.).

2. Ұйымдастыру формасы бойынша: ұжымдық, топтық, жеке.

3. Жұмыс орны бойынша таным процесіндегі орнына байланысты қабылдау мен ой қорытуға, бекітуге, жүйелеуге және жалпылауға іскерлік көрсетуге бағытталған.

4. Мақсаттылық бағыты бойынша: теориялық (негізінен оқу мен арнайы әдебиетпен жұмыс) және практикалық (оқу тапсырмаларын орындау).

Өзіндік жұмыстың мақсатын анықтау әр түрлі. Оқушылардың өзіндік жұмысы Л.В.Клименконың зерттеулерінде сипатталған және студенттердің арнайыланған жұмыстарында нақтыланады: өзіндік жұмыстың мақсатын анықтау, оны өзіндік жоспарлау, үй жұмысын өз бетімен орындай білу (мерзімдерін, күрделілігін, материал көлемін, оның бастапқы мақсатын сақтай отырып, оның мақсатын нақты және анық түрде анықтау, әрекетті орындаудың ретін анықтау, нәтижелеріне көз жеткізу), өзін-өзі бақылау: қызығушылық пен көңіл аударуды тудырады, ойлау мен есте сақтауды арттырады, оқушыға өз қатесін уақытында анықтап жоюға, жұмыс процесін реттеуге, өз білім деңгейін, практикалық іскерлігін нақты анықтауға мүмкіндік береді [7].

Н.И.Гелашвили өзіндік жұмыстың басты мақсатын студенттердің бойына өзіндік білімін көтеру іскерлігі пен дағдысын қалыптастырудан көреді. Сондықтан өзіндік жұмыс жүргізу барысында студенттерге нақты білім берумен қатар, оларды өз бетімен білімін көтеруге, білім алудағы даму мен өзіндік білім алу жұмыстарын дамытуға тарту керек [8].

Оқу әдебиетімен жұмыс істеу барысында технология бойынша әдебиеттердің, оқыту құралдарының көптігін ескере отырып, студенттерге пән бойынша жұмыс бағдарламасын құрып, осы материалды табу жолдары көрсетіледі.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың дәстүрлі тиімді формасы күндізгі бөлімдегі үй жұмысы мен сыртқы бөлімдегі бақылау жұмысы болып табылады. Ол оқу пәні бойынша рефераттар және өндеудің есебі мен уақытын қамтитын әр түрлі есептік-жобалық жұмыстар, станоктардың кинематикалық сараптамасы т.б.

Осы жұмыстарға тапсырма құру мен оны орындау барысында өзіндік жұмысты арттыру мақсатындағы жекешелендіру маңызды. Мысалы, берілген тапсырманың біразын (өндеу түрі, өңделген беттің қажетті бұдырлығы мен ұзындығы) сынақ кітапшасының нөмірімен беру, ал басқасын (бұйым материалы, өндеу диаметрі т.б.) — соңғы нөмірімен беру. Бұл жерде көптеген әр түрлі мәліметтердің болуы әрбір студентке ағымдағы тапсырманы орындауды дараландыруға және оны өз бетімен орындауға тырысуға мүмкіндік береді.

Студенттердің үй жұмысы мен бақылау жұмысын орындау барысында оларды әдістемелік қамтамасыз етудің маңызы зор. Әдістемелік нұсқауларда жұмысты орындаудың мазмұны мен оны орындау реті толық көрсетілуі керек, типтік тапсырмаларды орындаудың мысалдары оқу-әдістемелік әдебиеттерде көрсетілген.

Студенттердің техникалық анықтамалықты оқуындағы қиындықтарды ескере отырып, оның жоғары оқу орындарындағы көлемінің аздығын ескеріп басылып шығатын әдістемелік нұсқаулыққа қосымша беруге болады. Мысалы, кесу режимдері, орнату мен т.б.

Студенттердің өзіндік жұмыстары оқу-тәрбие процесінде толық, белсенді жұмысты қамтамасыз етуі, кәсіби және жалпы білім алу іскерліктері мен дағдысын қамтамасыз ете отырып, болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруы керек.

#### Әдебиеттер тізімі

1 *Есипов Б.П.* Самостоятельная работа учащихся в процессе обучения // Материалы педагогических исследований. — М.: Известия АПН, 1961. — Вып. 115. — С. 5–7.

2 *Стрезикозин В.П.* Организация процесса обучения в школе. — М.: Просвещение, 1964. — 280 с.

- 3 *Ахметов М.Г.* Система домашней самостоятельной работы учащихся по курсу физики в выпускном классе: Дис. ... канд. пед. наук. — Уральск, 1991. — 150 с.
- 4 *Рубинштейн С.Л.* О мышлении и путях его исследования. — М.: АН СССР, 1958. — 147 с.
- 5 *Пидкасистый П.И.* Самостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении: теоретико-экспериментальное исследование. — М.: Педагогика, 1980. — С. 47.
- 6 *Голант Е.Я.* Некоторые принципиальные вопросы развития самостоятельности школьника. — Л.: Ленингр. отд-ние «Знание», 1977. — С. 10.
- 7 *Клименко Л.В.* Управление учебно-познавательной деятельностью студентов во внеаудиторное время (на материале самостоятельной работы по дисциплинам гуманитарного цикла): Автореф. ... канд. пед. наук. — Днепропетровск, 1988. — 24 с.
- 8 *Гелашвили Н.И.* Педагогические основы управления самостоятельной работой студентов в процессе обучения. — Тбилиси: Генатлеба, 1988. — 202 с.

А.М.Шарзадин, Г.Е.Самашова

### **Организация самостоятельной работы при подготовке специалистов профессионального обучения**

Авторы рассматривают роль и значение самостоятельной работы студентов при подготовке специалистов профессионального обучения. В статье приводится классификация самостоятельной работы студентов: по характеру, форме организации, месту работы, научному направлению и т.д. Проанализированы функции самостоятельной работы студентов, выделены существующие определения данного вида деятельности.

In given article authors consider the role and importance of the independent work student (SRS) when preparing the specialist. Happens to the categorization SRS: on nature of the work, the form organization, place of the work, scientific direction and etc. The Types SRS — an reproductive, creative, scientific and etc. The Authors have analysed the existing determinations SRS, them is elaborated given determination. Also purpose of the undertaking SRS and their function is considered.